

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің І вице-президенті

Ж.Томар

« 31 » 05 2019 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті

Б.Абдрасилов

2019 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ САЯСАТЫ

КС-ХҚТУ-001-2019

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАДР САЯСАТЫ

Түркістан 2019

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "29" 01 2024 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "29" 01 2026 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "15" 02 2022 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "15" 02 2024 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Сапа менеджментінің жүйесі ЖҰМЫС ДАНАСЫ № "31" 05 2020 ж.
---	------------------------------------	---	------------------------------------	--

Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті		КС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12-беттің 2-беті

КІРІСПЕ

1. Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасымен әзірленді және енгізілді.
2. Әзірлеген – Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасының басшысы Н.Абилдаев
3. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенатының 2019 жылғы 31 мамырдағы №9 хаттамасымен бекітілді.
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2019
5. Тексеру мерзімі – 2022

Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті		КС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12-беттің 3-беті

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	
2.	Кадрмен қамтамасыз ету жүйесімен шешілетін негізгі мақсаттар мен міндеттер	
3.	Кадрмен қамтамасыз ету жүйесі	
4.	Кадрлық резервті қалыптастыру және даярлау	
5.	Университеттің кадр саясатының жүзеге асырылуы	
6.	Кадр саясатын жүзеге асыру барысында Университеттің барлық деңгейдегі басшыларының құқықтары мен міндеттері	
7.	Университет басшылары мен қызметкерлерінің жауапкершілігі	
8.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	
9.	Келісу, сақтау және тарату	
10.	Танысу парағы	
11.	Өзгерістерді тіркеу парағы	

<i>Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		КС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12-беттің 4-беті

1. Жалпы ережелер

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі - Университет) кадр саясаты (бұдан кейін – кадр саясат) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын Білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері мен білім және ғылым саласында өзге де нормативті құжаттарына сәйкес әзірленді.

Осы кадр саясаты Университет миссиясына негізделген: Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастық жастарына бір шаңырақ астында сапалы білім беру және инновациялық оқыту мен ғылыми зерттеулерде көшбасшы болу.

Кадр саясаты Университет басшылығымен рекрутингті, басқарушы кадрларды, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыруды қамтитын меритократия, адами ресурстарды дамыту қағидалары негізінде әзірленеді, персоналды басқару жұмысының негізін белгілейді.

1.2 Университеттің кадр саясаты Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қызмет шарттары туралы келісімді және 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 531-IV заңдарын, Университеттің кадр мәселесі аясында еңбек заңнамасын, Университет Жарғысына және ішкі ережелерін мүлтіксіз сақтау қағидаларына негізделеді.

1.3 Кадрмен қамтамасыз ету жүйесі кадр саясатын, оның жүзеге асуын, сондай-ақ жоғары білікті кадрлар даярлау бойынша, оқытушы-профессорлар құрамының, Университеттің басқарушы кадрлары мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша шаралар жиынтығын қамтиды.

1.4 Осы кадр саясаты жауапты қызметкерлердің «Танысу парағына» қол қою арқылы мәліметіне жеткізіледі (А қосымша).

1.5 Кадр саясатына өзгеріс «Өзгерістерді тіркеу парағына» міндетті түрде белгі қою арқылы енгізіледі (Б қосымша).

1.6 Осы қолданылатын негізгі ұғымдар:

- *Кадр саясаты* – Университеттің адами ресурстарын және персоналын басқару бағыты мен мазмұнын анықтайтын мақсаттар мен қағидаттар жиынтығы.
- *Университеттің кадрлық әлеуеті* – Университетпен еңбек қатынастары бар штаттық қызметкерлер мен мамандар.

<i>Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		КС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12-беттің 5-беті

- *Кадрлық жұмыс* – Университеттің кадрлық қамтамасыз етілуін жоспарлау, іріктеу, кадрлық резервті қалыптастыру, оқыту, кадрлар жұмысын бағалау, кәсіби және лауазымдық өсуді қамтамасыз ету, кадрларды ротациялау және оларды әлеуметтік қорғау жөніндегі қызметі.
- *Кадрлық резерв* – Университеттің әрі қарай кадрлық дамуы мен кадрлық қамтамасыз етілуі үшін докторанттар, жас ғалымдар, магистрлер, қызметкерлер қатарындағы перспективалы тұлғалар шеңбері.
- *Қызметтік нұсқау* – қызметкерлердің қызметтік міндеттерді жүзеге асыруы кезінде олардың негізгі міндеттері, талаптары, құқықтары мен жауапкершілігі жауапкершілігі нақтыланған құжат.

2. Кадрмен қамтамасыз ету жүйесімен шешілетін негізгі мақсаттар мен міндеттер

2.1 Университеттің кадрлық саясатының мақсаты

Университет миссиясына жауап беретін және мақсаттарға қол жеткізуге қажетті кәсіпқойлықтың жоғары деңгейіне ие Университеттің кадрлық құрамын қалыптастыру, дамыту және басқару жүйелерін құру болып табылады.

2.2 Кадрлық саясаттың қағидаттары:

2.2.1 персоналды басқару бойынша қызметтің Университет миссиясы мен мақсаттарына сәйкестігі;

2.2.2 Университет қызметкерлерінің еңбек және кәсіби әлеуетін арттыру және жүзеге асыру мүмкіндіктерінің теңдігі;

2.2.3 конституциялық, еңбек және әлеуметтік заңнама нормаларын сақтау;

2.2.4 адами ресурстардың дамуына бағытталу, Университет қызметкерлерінің кәсіби біліктілігінің артуы;

2.2.5 кадрларды бағалауда объективтілік және талаптардың жоғары деңгейі;

2.2.6 Университет кадрларының жаңаруы және артықшылығы.

2.3 Университеттің кадр саясатының міндеттері:

2.3.1 Университеттің ғылыми және педагогикалық кадрларының сапалы құрамын жақсарту, жаңару жүйесін дамыту;

2.3.2 Университет персоналымен жұмыс істеу бойынша ішкі ережелерді әзірлеу;

2.3.3 кадрлық резервті қалыптастыру және оны тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

2.3.4 Университеттің конкурстық комиссиясын ұйымдастыру және өткізу;

2.3.5 Университетті білім беру бағдарламаларының пәндеріне және оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес педагогикалық кадрлармен жинақтау;

2.3.6 білім беру және ғылыми-зерттеу қызметке кадр даярлау бейіні

<i>Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		КС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12-беттің 7-беті

бойынша практикалық жұмыс өтілі бар тәжірибелі мамандарды, оның ішінде Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-ші деңгейіне сәйкес келетін мамандарды тарту;

2.3.7 оқытушы-профессорлар құрамының, басқарушы кадрлардың, Университеттің ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды жоспарлау және ұйымдастыру;

2.3.8 Университеттің оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби мүмкіндіктерін толық ашуға, өзін-өзі жетілдіруге жағдай жасауға;

2.3.9 Университеттің ерекше қызметкерлерін марапатқа, ынталандыруға ұсыну;

2.3.10 Университет қызметкерлерінің кәсіби өсуі үшін материалдық ынталандыру.

3 . Кадрлық қамтамасыз ету жүйесі

3.1 Кадрлық қамтамасыз ету жүйесі осы кадр саясатының 2.3-тармағанда мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін және өзара әрекет ететін Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне негізделеді.

3.2 Университеттің кадрлық саясаты ЖББҰ-ның басқарушы кадрларының, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың перспективті жоспары негізінде құрылымдық бөлімшелермен жүзеге асады.

3.3 Университетте педагогикалық кадрларды жұмысқа қабылдау қолданыстағы Профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесіне сәйкес өткізілетін конкурс нәтижесі бойынша Университет президенті.

3.4 Кадрлар даярлау және біліктілікті арттыру жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, қосымша білім беру жүйесі, атап айтқанда біліктілікті арттыру және машықтану курстарынан өту арқылы жүзеге асады.

3.5 Кадрмен қамтамасыз ету мақсатында өткізілетін және кадр саясатының мәселелерін шешуге бағытталған шаралар төмендегіні қамтиды:

- тиісті сертификаттармен расталған шет тілі білімі бар педагогикалық кадрларды жұмысқа тарту;
- Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-ші деңгейіне сәйкес келетін тәжірибелі мамандарды жұмысқа тарту;
- ғылым магистрлерін, PhD докторларын даярлау;
- Университеттің басқарушы кадрларының кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыру (Университет ректоры мен проректорлар, декандар құрылымдық бөлімше басшылары);
- Университет оқытушыларының, оның ішінде оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыру;
- ғылыми қызметкерлердің кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыру;
- машықтанудан өту;
- қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту жүйесін қалыптастыру және оны дамыту;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12 беттің 8-ші беті

Университет базасында біліктілікті арттыру курстарын өткізу.

4. Кадрлық резервті қалыптастыру және даярлау

4.1. Кадрлық резервті қалыптастыру және даярлау барлық құрылымдық бөлімше басшыларының жұмысында айрықша болып табылады.

4.1.1. вице-ректорлардың резерві (қызмет бағыты бойынша бөлім басшылары, декандар);

4.1.2. декан резерві (декан орынбасары, кафедра меңгерушілері);

4.1.3. құрылымдық бөлім басшыларының резерві (бөлім қызметкерлері);

4.2. Басқарушы лауазымдарға үміткерлерді іріктеуде олардың кәсіби, тұлғалық және іскерлік ерекшеліктеріне талап қойылады.

4.3. Кадрлық резерв басқару деңгейі бойынша құрылады:

4.3.1. ректор резерві (проректорлардың лауазымдары кіреді);

4.4. Кадрлық резервті жоспарлау Университетте бос лауазымдарды ескеру арқылы перспективті білім алушыларды, Университет және басқа да ұйым қызметкерлерінің мониторингі (еркін формада өтетін) негізінде жүзеге асырылады.

5. Университеттің кадр саясатының жүзеге асырылуы

5.1. Университет қызметкерлері құқылы:

5.1.1 Университетті кадрмен қамтамасыз етуді қалыптастыруға қатысуға;

5.1.2. Университеттің кадрлық дамуы туралы нормативті актілер мен қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

5.1.3. кәсіби деңгейді арттыру, сондай-ақ атқаратын қызмет бойынша нұсқау үшін біліктілікті аттыруға және машықтанудан өтуге.

5.2. Университет қызметкерлері міндетті:

5.2.1. Университеттің мақсаты мен миссиясына қол жеткізуге бағытталған Университеттің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптары мен ішкі ережелерін сақтауға;

5.2.2. әрдайым өзінің кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға, кәсіби қызмет саласына сәйкес, озық тәжірибені үйренуге және ендіруге, сондай-ақ жұмысқа университет студенттерін, магистранттар мен докторанттарды тартуға.

5.2.3. лауазымдық міндеттерді орындауға, белсенді ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбиелік жұмысты жүргізуге.

5.3. Ғылыми және/немесе академиялық дәрежесі жоқ барлық қызметкерлерге PhD докторы дәрежесін алу үшін докторантурада оқу ұсынылады.

5.4. PhD докторларына ассоциациялық профессор (доцент) ғылыми атағын алу ұсынылады.

5.5. Төрт тілде білім алуды жүзеге асыру үшін тілді (мемлекеттік, орыс, түрік және ағылшын) белсенді үйрену және меңгеру деңгейін жетілдіру ұсынылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12 беттің 8-ші беті

6. Кадр саясатын жүзеге асыру кезінде Университеттің барлық деңгейдегі басшыларының құқықтары мен міндеттері

6.1. Университеттің барлық деңгейдегі басшылары міндетті:

- Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес Университеттің кадрлық саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға белсенді атсалысуға;
- тиісті құрылымдық бөлімшелерде кадрлық резервті қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыруға;
- Университеттің ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру жүйесін құруға көмектесуге;
- Университеттің педагогикалық, ғылыми-педагогикалық және басқа да категориядағы қызметкерлерді қолдауды және кәсіби шеберлігінің деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін ынталандырушы шаралар жүйесін жетілдіруге атсалысуға.

6.2. Университеттегі барлық деңгейдегі басшылары құқылы:

- Университетті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты жинаудың, өңдеудің, жалпылаудың, талдаудың, жинақтаудың және жеткізудің бірыңғай тәртібін жүзеге асыруға;
- Университеттің кадрлық құрамын жоғары білікті мамандармен кешендеуге;
- Университет қызметкерлерінің кәсіби өсуі үшін материалдық және моральдық тұрғыдан ынталандыруға;
- Университет штаттық құрылымын жетілдіруге.

7. Университет басшылары мен қызметкерлерінің жауапкершілігі

- Университеттің барлық деңгейдегі басшылары мен қызметкерлері кадрлық саясат жөніндегі міндеттерді, нормативтік-құқықтық актілерді, жоспарларды орындамағы үшін дербес жауапкершілікке ие.

8. Өзгерістерді енгізу тәртібі.

8.1. Университеттің осы саясаты басқару және өзгерістер енгізу КП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістер тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

9. Келісу, сақтау және тарату





9.1. Осы университет саясатының жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасының басшысына жүктеледі. Осы университет саясатының жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі.

Вице-президенттер, Шымкент және Кентау институтының директорлары, Факультет декандыру, ғылыми-зерттеу институтының директорлары, Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі бағдарламалары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімдер.

9.2. Осы университет саясатының бақылау данасын Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті		КС-ХҚТУ-001-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты		12-беттің 9-беті

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент		Ө.Үмбетов
Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент		Ш.Есимова
Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент		К.Беркимбаев
Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент		Пусат Пилтен
Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент		А.Абуов
Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директор		Т.Ниязов
Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы басшысы		Ж.Дарибаев
Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		А.Абсеметов

[illegible]

